



БҰЙРЫҚ

№ 12.10.2020

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 288 - 0

город Нур-Султан

**Мүлікті және істерді
басқарудан шеттету туралы**

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Контакт плюс ЛТД» ЖШС банкрот болып танылды.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2018 жылғы 23 қазандағы №785-П бұйрығымен «Контакт плюс ЛТД» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Ержанов Бурибай Исакулович тағайындалған.

Кредиторлар жиналысының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Контакт плюс ЛТД» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Ержанов Бурибай Исакулович шеттетілсін.

2. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы «Контакт плюс ЛТД» ЖШС құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы Заңға сәйкес іс-шаралар жүргізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Е.Т. Далбинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

К. Исақов